

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
вице-министрінің
2020 жылғы 13 тамыздағы
№ 505 бұйрығына
1-қосымша

COVID-19 коронавирустық инфекциясы жағдайында жедел медициналық көмек көрсету бригадаларының іс-қимыл алгоритмі

1. Облыстық/қалалық жедел медициналық көмек станциялары (бұдан әрі – ЖМКС) құрамында Call-орталықтар (колл-орталықтар) құру, олар ішкі істер органдарының және өңірдің халықты азаматтық қорғау органдарының қызметтерімен, ЖМК қосалқы станцияларымен, МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелерімен, медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерімен жедел байланыс жасау құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Халыққа консультацияны облыстық/қалалық ЖМКС-ның дәрігер-консультанттары, аға дәрігерлері, фельдшерлер және жұмыс тәжірибесі бар орта медицина қызметкерлері, медициналық жоғары оқу орындарының резиденттері call-орталықтарда жүргізеді.

3. Осы Алгоритмге 1-қосымшаға сәйкес Call-орталықтардың мамандарымен коронавирустық инфекциямен (бұдан әрі – КВИ) байланысты жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды қалыптастырады және емдеуге дейінгі кезеңде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша халықты ақпараттандырады.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15473 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 450 бұйрық) жедел медициналық көмек көрсету станциясының (бұдан әрі – ЖМК) диспетчерімен шақыруларды қабылдау, өңдеу және беру алгоритміне сәйкес денсаулық жағдайы бұзылған азаматтардан шақыруларды «103» пультінде қабылдайды.

5. КВИ болуы мүмкін жедел респираторлық аурулар бойынша шақыру келіп түскен кезде диспетчер осы Алгоритмге 2-қосымшаға сәйкес чек-парақ бойынша сауалнама жүргізеді, шақырудың шұғылдық санатын айқындайды және қызмет көрсету үшін шақыруды ЖМК бригадасына береді.

6. № 450 бұйрыққа сәйкес жеделдіктің 4-санаты бойынша шақырулар түскен кезде ЖМК диспетчері шақыруды автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің бригадаларына береді.

7. Шақыруға үйден қызмет көрсету үшін ЖЖК бригадасының шығу қажеттілігі болмаған жағдайда, диспетчер қоңырауды Call-орталыққа қайта бағыттауды жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына (бұдан әрі – БМСДҚ) сәйкес ЖМК бригадасы, оның ішінде КВИ - ға күдігі бар пациентке шақыруға баратын жүргізуші де шығар алдында жеке қорғаныш құралдарын (маскалар немесе жоғары дәрежелі қорғау респираторлары (кемінде 2- қорғаныш сыныбы немесе FRRP2), қолғаптар, бетті қорғауға арналған экрандар, таза, стерильді емес, ұзын жеңді су өткізбейтін халат (немесе су өткізбейтін бір рет пайдаланылатын костюм немесе су өткізбейтін комбинезон), резеңке етік немесе жоғары резеңкеленген бахилалар (бұдан әрі – ЖҚҚ) кию. ЖҚҚ әр науқастан кейін ауыстырылады.

9. КВИ бар науқас (күдікті) анықталған кездегі іс-қимылдарға барлық медицинал персоналын оқыту. Инфекциялық науқастарға ЖМК жедел медициналық көмек көрсетудің фельдшерлік көшпелі бригадалары, жедел медициналық көмек көрсетудің мамандандырылған көшпелі бригадалары, аумақтық апаттар медицина орталықтарының шұғыл медициналық көмек бригадалары, апаттар медицинасының аумақтық орталықтары көрсетеді.

10. КВИ-ға күдігі бар шақыруға қызмет көрсету орны бойынша ЖМК бригадасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссиясы мақұлдаған КВИ диагностикасы мен емдеудің клиникалық хаттамасын басшылыққа алады.

ЖМК бригадасы мынадай іс-қимыл жүргізеді:

- шағымдарды, ауру деректерін сұрау;
- эпидемиологиялық деректерді нақтылау;
- ақыл-ес деңгейін бағалау;
- менингеалдық белгілерді бағалау;
- тері жабындарын тексеру;
- жоғарғы тыныс алу жолдарының көзге көрінетін шырышты қабықтарын бағалау (жұтқыншақтың артқы қабырғасының гиперемиясы);
- термометрия (байланыссыз қолайлы);
- АҚ, ТЖС, ЖҚЕ өлшеу;
- тыныштықта және күш салу кезіндегі пульсоксиметрия (динамикада).

11. КВИ-ға күдік болған жағдайда, ЖМК мынадай тізімдерді:

1) төменде келтірілген схема бойынша тиісті деректері және аурудың клиникалық белгілері бар сырқаттанған және пациенттермен байланыста болған адамдардың тізімін:

- Науқастың Т. А.Ә. , жасын;
- тұрғылықты мекенжайын;
- жұмыс / оқу орнын (мекеменің / кәсіпорынның атауы, мекенжайы);
- пациенттің анықталған / жүгінген күнін, уақытын, орнын,
- эпидемиологиялық деректер: байланыс орны мен ұзақтығын, қарым-қатынас сипатын;
- созылмалы аурулардың болуы және созылмалы ауруларды емдеу үшін қабылдайтын препараттарының атауын;
- клиникалық көріністері, жағдайының ауырлығын;

- тізімді жасау күнін, сағатын;
- тізімді жасаған адамның Т.А. Ә. лауазымын, қолы және қолының толық жазылуын нақтылау;

2) байланыста болған адамдар тізімі мыналарды қамтиды:

- ТАӘ, жасы
- тұрған / тұрғылықты мекенжайы, азаматтығы;
- жұмыс орны (мекеменің / кәсіпорынның атауы, оның мекенжайы);
- байланыс орны, ұзақтығы және қарым-қатынас сипаты;
- АҚҚ қарсы егудің болуы және мерзімі;
- тізімді жасау күні, сағаты;
- тізімді жасаған адамның ТАӘ, лауазымы, қолы және қолының толық жазылуы.

12. ЖМК бригадасы ауру ошағында (пәтерде, мекеменің үй-жайында және т. б.) мынадай карантиндік іс-шараларды ұйымдастырады:

- БМСДҚ сәйкес КВИ-ға күдігі бар пациент / пациенттер орналасқан үй-жайға кіруге және үй-жайдан (пәтер, мекеме және т. б.) шығуға, оның ішінде заттарды, тамақ өнімдерін және т. б. шығаруға және кіргізуге тыйым салу;
- БМСДҚ сәйкес айналасындағылардың КВИ күдігі бар пациенттермен / пациенттермен қарым-қатынасына тыйым салу.

13. Бригада:

- жедел тыныс алу жеткіліксіздігін;
- жедел гемодинамикалық бұзылуларды;
- дегидратацияны түзетуге бағытталған медициналық көмек көрсетеді.

14. ЖМК бригадасы емдеу мен диагностиканың клиникалық хаттамасына сәйкес осы Алгоритмге 3-қосымшаға сәйкес схема бойынша оның жағдайына байланысты пациенттің қозғалыс бағдарын айқындайды.

15. ЖМК жағдайларында пациентті үйде қалдыру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бекітілген COVID-19 бар пациенттерді қадағалап қарау тактикасы бойынша әдіснамалық ұсынымдармен анықталады.

16. Ауруханаға жатқызуды қажет етпейтін пациентті шақыру орнында немесе үйде қалдырған жағдайда ЖМКС бригадасы немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі одан әрі МСАК ұйымына (тұрғылықты немесе бекітілген жері бойынша) жүгіну үшін медициналық ұсынымдар береді.

17. Егде жастағы (65 жастан асқан) тұлғаларда, 12 апта және одан да астам мерзімдегі жүкті әйелдерде КВИ-ге күдік болған жағдайда ЖМК бригадасы эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтай отырып, биоматериалдардың сынамаларын алуды жүзеге асырады. Материалды жинау кезінде ЖҚҚ пайдаланылады.

18. Сынамалардың үлгілері синтетикалық материалдан (мысалы: полиэстер немесе дакрон) жасалған жасанды аппликаторы бар пластикалық өзектегі стерильді тампон көмегімен алынады.

19. Вирусты тасымалдау ортасы бар бір науқастан жұтқыншақтан және мұрыннан (2 тампоннан) бір пробиркаға сынама алу жүзеге асырылады.

20. Пациенттен алынған үлгі науқастың Тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, жасы, ауырған күні, алынған күні мен белгілері, келген елі, науқастармен байланысы көрсетілген жолдамамен бірге жүру.

21. Тасымалдағанға дейін алынған үлгілерді тоңазытқышта 2-ден 4 градусқа дейінгі температуралық режимде немесе салқындататын элементтері бар арнайы термоконтейнерлерде 24 сағат бойы сақталады.

22. Пациенттердің биологиялық материалының алынған үлгілері (мұрын және ауыз - жұтқыншақтан алынған жұғындылар) COVID-19-ға күдік болған жағдайда патогендігі III және IV топтармен жұмыс істеуге эпидемиологиялық қорытындысы бар медициналық ұйымдардың зертханаларына жеткізіледі.

23. COVID-19 диагностикасы үшін ауруханадан тыс пневмониясы бар пациенттердің биологиялық материалдарын жіберген кезде зертханалық зерттеуге жолдама бланкісінде «Пневмония» диагнозы көрсетіледі.

24. COVID-19 диагностикасы үшін биологиялық материалды жеткізуді ҚР ДСМ 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 684 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15990 болып тіркелген) бекітілген «Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес үштік қаптама талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

25. Пациент ауырған және оған үйге белсенді бару қажет болған жағдайда учаскелік дәрігер, фельдшер немесе ЖМКС бригадасының немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің дәрігері МСАК ұйымына ақпарат (актив) береді және «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - № 907 бұйрық) № 110-1/е нысан бойынша пациент үшін сигналдық парақты толтырады.

26. Шақыруға қызмет көрсету аяқталғаннан кейін ЖҚҚ (халат, респиратор, қолғап, бас киім) В класындағы қалдықтарды жинауға арналған қызыл пакетке салу және қалдықтарды тасымалдауға арналған қызыл ыдысқа салынады. Көп рет қолданылатын көзілдіріктер дезинфекциялау ерітіндісімен өңдеу, кейіннен қайта пайдаланылады. Дененің ашық бөліктері 70% этил спиртімен өңдеу. Ауыз бен тамақты 70% этил спиртімен шаю, мұрынға және көзге 2% бор қышқылының ерітіндісін тамызу. Автокөлік дезинфекциялау құралын шаю әдісімен өңделеді.

27. Егер науқасты тасымалдау қажет болса, персоналға, басқа пациенттерге және келушілерге байланысты азайту үшін алдын ала анықталған және денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келісілген көлік бағыттары пайдаланылады.

28. Күн сайын тұрақты негізде ауысым басында диспетчерлік қызмет стационарлардағы бос орындар туралы тікелей стационар басшыларынан, сондай-ақ өңірдегі денсаулық сақтау басқармасымен құрылған чат хабарламалар арқылы ақпарат алынады.

29. Диспетчерлік қызметте бір күн ішінде стационарларда бос орындардың болуы туралы ақпарат жаңартылады.

30. Пациентті стационарға тасымалдау алдында ЖМК бригадасы диспетчерлік қызметтен тиісті стационарда бос орындардың бар-жоғы туралы нақтылайды және стационардың қабылдау бөлімшесін науқастың ауруханаға жатқызылатыны туралы хабардар етіледі.

31. КВИ-мен ауыратын науқасты (немесе күдікті адамдарды) және олармен байланыста болған адамдарды тасымалдау үшін мүмкіндігінше алдын ала герметикаландырылған (саңылаулар желімделген, терезелер тығыз жабылған), ЖҚҚ-мен жабдықталған және материал алу үшін жабдықталған (вакутейнерлер, стерильді герметикалық сыйымдылықтар), вирусқа қарсы дезинфекциялық құралдармен және тері антисептиктерімен жиынтықталған жедел медициналық көмек көрсету көлігі пайдаланылады. Облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада жедел медициналық көмек көрсету көлігі КВИ ауруымен ауырған пациенттерді тасымалдауға арналған капсулалармен қосымша жаратандыру.

32. КВИ-мен ауыратын науқас (немесе күдікті адам) орналасу орнынан эвакуацияланады және инфекциялық стационардың жауапты дәрігеріне науқастың ауруханаға жатқызылатыны туралы алдын ала хабарлай отырып, инфекциялық ауруханаға жеткізу.

33. Көлік инфекциялық ауруханада науқасты ауруханаға жатқызу үшін бөлінген боксқа тікелей кіреді.

34. Бокстан жедел медициналық көмек көрсету бригадасының персоналы басқа есік арқылы аяқ киім мен қолды (қолғаппен), алжапқыштарды дезинфекциялауға арналған арнайы бөлінген үй-жайға шығады, содан кейін стационар аумағында киімді дезинфекциялай отырып, толық санитариялық өңдеуден өткізеді. Қолғапты шешкеннен кейін қолдар антисептикалық құралдармен өңделеді.

35. ЖМК қызметкерлерінің қорғаныш киімін кейіннен өңдеу және жою үшін санитариялық өткізгіштің дезинфекциялық бригадасы алады.

36. Науқасты стационарға жеткізгеннен кейін тасымалдау кезінде пайдаланылған көлік пен заттар дезинфекция бригадасының күшімен арнайы жабдықталған алаңда зарарсыздандырылады.

37. ЖМК бригадасының санитариялық машинаға шығуы биологиялық қауіпсіздікке жауапты адаммен режимнің бұзылуын анықтау мәніне әңгімелесуден кейін дәліз арқылы жүзеге асырылады.

38. Стационардың дезинфекциялаушы күшімен дезинфекция жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, дезинфекцияны ЖМК станциясына оралғанда ЖМК станциясының мамандарымен жүргізіледі.

39. Дезинфекция жүргізілгеннен кейін санитариялық көлік салонында ауаны және автомобиль салонының бетін бактерицидті сәулелендіру құралдарымен немесе басқа құрылғылармен кемінде 20 минут бойы зарарсыздандыруды жүргізіледі.

COVID-19 жағдайында
жедел медициналық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
алгоритміне
1-қосымша

103 арналған сұрақтар мен жауаптар

1. Жедел жәрдем қандай жағдайларда ауруханаға жатқызады?

Коронавирустық инфекцияны диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес пациентті емдеуге жатқызу пациенттің жалпы ай-күйін ендіту, минутына тыныс алу жиілігі, қанның оттегімен қанығу деңгейі (сатурация) бағалағаннан кейін жүзеге асырылады және осы көрсеткіштерге байланысты одан әрі тактика анықталады.

Ауру ағымы ауыр немесе орташа ауыр пациентте жас 65 жастан асқан, созылмалы ауруларының болуы (қант диабеті, қанайналым жүйесінің аурулары, өкпенің созылмалы аурулары, СБЖ, жүктілік) сияқты қауіп факторлары болған жағдайда пациентті одан әрі емдеу үшін стационарға тасымалдау жүзеге асырылады.

2. Үй жағдайында қалай емделуге болады?

Бірінші кезекте үйден шықпаңыз, жұмыстағы басшылығыңызға вирусты инфекция белгілері бар екенін ескертіңіз, отбасының басқа мүшелерінен оқшауланыңыз, емханаға қоңырау шалыңыз, өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізге SMS жолдаңыз және сізде белгілер бар екендігі туралы хабарлаңыз.

Емхана мамандары коронавирустық инфекцияны диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес амбулаториялық жағдайда пациентке қашықтықтан бақылау жүргізеді.

Бұл ретте, күн сайын тыныс алу жиілігі, дене қызуы, пульстің жиілігі, ендіту, жөтелдің пайда болуы немесе күшеюіне бақылау жүргізу қажет. Сонымен қатар, көп мөлшерде жылы сусын ішу (су, шай, морстар), физикалық белсенділікті шектеу қажет.

3-5 күннен артық температура сақталған жағдайда немесе қысқа уақыт қалпына келгеннен кейін қайта пайда болған кезде, жөтел пайда болуы/күшеюі кезінде-бұл туралы учаскелік дәрігерге хабарлаңыз – ол сізге тиісті ем тағайындайды.

Тыныс алу жиілігі минутына 24 және одан жоғарыға көтерілген жағдайда, бөлме ішінде жүргенде немесе әңгімелескенде ендіту күшейген кезде, пульсоксиметрия көрсеткіші 95% төмен (болған кезде) учаскелік дәрігерге хабарлаңыз немесе жедел жәрдем шақыртыңыз – Сізге жағдайыңыздың ауырлығына байланысты үйде емделу немесе тәулік бойы стационарға жатқызу ұсынылады.

3. Тестілеуден қашан өту қажет?

«Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес ПТР әдісі арқылы коронавирустық инфекцияға тестілеу медициналық ұйымдардың немесе ТҚҚСҚБ департаментінің аумақтық бөлімшесінің жолдамасы бойынша жүргізіледі.

ПТР әдісімен тестілеуге клиникалық хаттамаға сәйкес COVID-19 бар провизорлық және инфекциялық стационарға жатқызылған адамдар, ЖРВИ және пневмониямен ауыратын науқастар, амбулаторлық емдеудегі және МСАК медициналық бақылауындағы COVID-19 ауыратын науқастар жатады.

4. Коронавирустық инфекциясы бар пациентті оңалту қалай жүргізіледі?

Ерте оңалту стационарда жүргізіледі. Стационардан шыққаннан кейін оңалту емхана дәрігерлерінен қашықтықтан консультация арқылы жүргізіледі.

COVID-19 жұқтырған науқастарды оңалтудың мақсаты: тыныс алу динамикасын жақсарту, мазасыздану мен депрессия белгілерін жеңілдету, асқынулардың даму қаупін азайту, функцияны қалпына келу және өмір сапасын жақсарту.

Оңалтудың негізгі әдістері:

респираторлық оңалту-клиникалық көріністерге сәйкес, оның ішінде дренаждық қызметтерді жақсарту үшін физиотерапия әдістерін пайдалана отырып, тыныс алу жаттығуларын жеке таңдау;

психологиялық оңалту және қолдау (психикалық статусын бағалау);

өмір салтын түзету (үйлестірілген тағам, темекі шегуден бас тарту, күнделікті мөлшерленген дене жүктемесінің дағдыларын, шынығу элементтерін меңгеру)

5. Егер менде КВИ белгілері болса не істеуім керек және қай уақытта медициналық көмекке жүгіну қажет?

Егер сізде жеңіл жөтел немесе дене температурасының аздап көтерілуі сияқты жеңіл белгілер болса, әдетте, медициналық көмекке жүгінудің қажеті жоқ. Үйде өзін-өзі оқшаулауды сақтау және белгілердің дамуын бақылау қажет.

Аздап күш түсірген кезде енгігу, кеудеде қысылу сезімі, дене қызуы жоғары болса, әлсіздік пайда болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгінген жөн.

Мүмкіндігінше, дәрігерге телефон бойынша хабарласыңыз.

6. Компьютерлік томографиядан өту керек пе?

Компьютерлік томографияны дәрігердің консультациясынан кейін ғана өту керек.

Компьютерлік томографияға жөтел, тыныс алу қиындағанда, енгігу, тыныс алу және жөтел кезінде кеуденің ауыруы, дене қызуы 38,5°C асып көтерілгенде, айқын улану кезінде көрсетілім бар. Сондай-ақ, компьютерлік томография ӨАТЭ, өкпенің ісінуі, қайталама бактериялық инфекцияның қосылуы және тағы да басқа қосымша асқынуларға күдік пайда болған кезде аурудың өршуін бағалау үшін белгілер нашарлаған кезде көрсетілім болады.

Компьютерлік томография жасауға жағдай болмаған кезде, сол көрсетілімдер бойынша кеуде қуысының рентгенографиясын жасауға болады.

7. ПТР талдамасы оң, бірақ белгілер жоқ. Не істеу керек?

Бірінші кезекте үйден шықпаңыз, жұмыстағы басшылығыңызға вирусты инфекция белгілері бар екенін ескертіңіз, отбасының басқа мүшелерінен оқшауланыңыз, емханаға қоңырау шалыңыз, өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізге SMS жіберіңіз және сізде белгілер бар екендігі туралы хабарлаңыз.

Емхана мамандары коронавирустық инфекцияны диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес амбулаториялық жағдайда пациентке қашықтан бақылау жүргізеді.

Бұл ретте, күн сайын тыныс алу жиілігі, дене қызуы, пульстің жиілігі, еңтігу, жөтелдің пайда болуы немесе күшеюіне бақылау жүргізу қажет. Сонымен қатар, көп мөлшерде жылы су ішу (су, шай, морс), физикалық белсенділікті шектеу қажет.

8. ПТР талдамасы оң, белгілер бар. Не істеу керек?

Бірінші кезекте үйден шықпаңыз, жұмыстағы басшылығыңызға вирустық инфекция белгілері бар екенін ескертіңіз, отбасының басқа мүшелерінен оқшауланыңыз, емханаға қоңырау шалыңыз, өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізге SMS жолдаңыз және сізде белгілер бар екендігі туралы хабарлаңыз.

Емхана мамандары коронавирустық инфекцияны диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес амбулаториялық жағдайда пациентке қашықтан бақылау жүргізеді.

Бұл ретте, күн сайын тыныс алу жиілігі, дене қызуы, пульстің жиілігі, еңтігу, жөтелдің пайда болуы немесе күшеюіне бақылау жүргізу қажет. Сонымен қатар, көп мөлшерде жылы су ішу (су, шай, морстар), физикалық белсенділікті шектеу қажет.

9. Менің ПТР талдама теріс, бірақ жөтел, әлсіздік және температура белгілері бар. Не істеу керек?

Күн сайын тыныс алу жиілігі, дене қызуына, пульстің жиілігі, еңтігу, жөтелдің пайда болуы немесе күшеюіне бақылау жүргізу қажет. Сонымен қатар, көп мөлшерде жылы су ішу (су, шай, морстар), физикалық белсенділікті шектеу, температура 38 және одан жоғары болған кезде парацетамол қабылдау қажет. Егер созылмалы ауру бар болса (гипертензия, қант диабеті, жүректің ишемиялық ауруы, созылмалы өкпе ауруы, бронх демікпесі) негізгі ауруды емдеуді жалғастыру керек.

3-5 күннен артық температура сақталған кезде, жөтел пайда болған немесе күшейген жағдайда емхананың учаскелік дәрігеріне жүгінген жөн.

10. Менің ПТР талдама оң, бірақ белгілер жоқ. Маған үйден шығуға болады ма?

Жоқ. Сіз COVID-19 бойынша симптомсыз пациентсіз. Сізге карантин талаптарын қатаң сақтау қажет, үйден шықпаңыз, жұмыстағы басшылыққа талдамаңыздың оң болғаны туралы ескертіңіз, отбасының басқа мүшелерінен оқшауланыңыз, учаскелік дәрігерге қоңырау шалыңыз немесе сізде оң ПТР талдамасы бар екендігі туралы SMS хабарлама жіберіңіз.

Мыналар ұсынылмайды:

дүкенге бару, далада және басқа да қоғамдық орындарда серуендеу, қонақтар қабылдау,

Тесттер, қан талдауларын және т.с.с. тапсыру үшін зертханаға бару – сіздің жай-күйіңіз клиникалық белгілері бар және пандемия кезінде олар тесттің оң немесе теріс болуына қарамастан коронавирустық инфекция белгілері ретінде бағаланады;

Компьютерлік томография өткізу үшін медициналық ұйымдарға бару-өкпедегі өзгерістер сізде болмауы мүмкін аурудың белгілі бір кезеңінде пайда болуы мүмкін, ал аздаған өзгерістер Сізді емдеу тактикасын өзгертпейді.

11. Коронавирустық инфекцияның белгілері қандай?

Коронавирустық инфекцияның белгілері ЖРВИ мен тұмауға ұқсас: түшкіру, жайсыздық, бас ауруы, дене қызуының көтерілуі, тамақтың қышуы, кеуденің ауыруы, жүректің қатты соғуы, жиі тыныс алу. Көптеген жағдайларда бұл белгілер коронавируспен емес, қарапайым ЖРВИ-мен байланысты.

12. Коронавирус қалай беріледі?

COVID-19 вирусы келесі түрде беріледі: ауа-тамшы (вирустың бөлінуі жөтел, түшкіру, сөйлесу кезінде болады) – тұрмыстық-жанасу (тұрмыстық заттар арқылы).

13. Коронавирустың профилактикасының қандай шаралары бар?

Адам ең бірінші-санитариялық гигиена қағидаларын сақтауы және қоғамдық орындарға барудан, әсіресе сауда орталықтары, базарлар мен қоғамдық тамақтану орындары сияқты орындарға барудан бас тартуы қажет. Жиі қолды жуып, арнайы антисептикалық заттармен өңдеңіз. Өзіңіз орналасқан бөлмені таза ұстауға тырысыңыз: ылғалды тазалау жасаңыз және әлсін-әлсін желдетіңіз. Өзіңізбен бірге бір рет қолданылатын майлықтарды ұстап жүріңіз және жөтелгенде немесе түшкіргенде әрдайым мұрын мен ауызды жабыңыз. Ортақ тұрмыстық заттарды пайдаланбауға тырысыңыз.

14. Коронавирустық инфекция белгілері қай уақыт ішінде пайда болуы мүмкін?

Жұқтырған сәттен бастап инкубациялық кезең 14 күннен бастап 28 күнге дейін созылады.

15. Коронавирусты емдеу қалай жүргізіледі?

Коронавирусты емдеу белгіленген хаттамаға сәйкес жүргізіледі. Бұл арнайы вирусқа қарсы препараттарды қолдану және жеке гигиена ережелерін сақтау.

16. Коронавирус кезінде ауруханаға жатқызу міндетті ме?

Емді үйден алуға бола ма? Бұл әр адамның өз денсаулығы үшін жауапкершілігіне байланысты. Үй жағдайындағы карантинді дәрігердің барлық ұсынымдарын сақтаған кезде ұстануға болады. Карантин кезінде адамдарға өзінің тұрғылықты жерінен шығуға, оқуға және жұмысқа баруға болмайды. Егер негізгі гигиеналық талаптарды – маска кию, жеке ыдыс-аяқ қолданса, жиі қол жуса және тері антисептиктерін пайдаланса, әлсін-әлсін бөлмелерді желдетіп тұрса, отбасы мүшелерінің инфекция жұқтыру қаупі төмендейді. Қандай жағдай болмасын науқаспен байланысқа жол беруге болмайды.

17. Ауырмайтын адамдарға маска кию міндетті ме? Жұқтырып алмау үшін нақты қандай маска киюі қажет пе?

Дені сау адамдарға маска кию міндетті емес. Пайдаланған жағдайда үшқабатты немесе № 95 респираторлық маскалар алу ұсынылады.

18. инфекция профилактикасы үшін қандай дәрумендер қабылдау қажет пе?

Арнайы дәрумендер қабылдаудың қажеті жоқ. Қазір адамдар жақсы тамактануы керек, әсіресе жаңа піскен көкөністер мен жемістерді жеу керек. Мүмкіндігінше үйде дайындалған тағамды пайдалану ұсынылады.

COVID-19 жағдайында
жедел медициналық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
алгоритміне
2-қосымша

**COVID-19 күдігі бар науқасқа шақыру түскен кездегі диспетчердің
«сауалнама» чек-парағы**

ТАӘ _____
 Жасы _____ Жынысы _____ ЖСН _____
 Үйінің _____ мекенжайы _____

Науқастың белгілері (ауру басталған сәттен бастап)	
Бірінші белгі пайда болған күні	(кк/аа/жжжж) /__ / __ / __ ☐ Белгілер жоқ ☐ Белгісіз
Жоғары дене қызуы ($\geq 38^{\circ}\text{C}$), о.і. бұрын	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз, (Ең жоғарғысын көрсетіңіз _____)
Тамақ ауыруы	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз
Мұрын біту	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз
Жөтел	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз
Ентігу	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз
Диарея	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз
Басқа	Көрсетіңіз _____
Эпидемиологиялық дерек	
Ауру басталғанға дейін 14 күн ішінде елдің ішінде сапарға шықтыңыз ба?	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз Егер «Иә» болса, онда 1. Сапар күндерін көрсетіңіз (КК/АА/ЖЖЖЖ): __ / __ / __ бастап __ / __ / __ дейін Мекен-жайы: Облыс _____, қала/елді мекен _____, көше _____, үй _____, пәтер _____ 2. Сапар күндерін көрсетіңіз (КК/АА/ЖЖЖЖ): __ / __ / __ бастап __ / __ / __ дейін Мекен-жайы: Облыс _____, қала/елді мекен _____, көше _____, үй _____, пәтер _____
Ауру басталғанға дейін 14 күн ішінде елден тыс сапарға шықтыңыз ба?	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз Егер «Иә» болса, сапар күндері (КК/АА/ЖЖЖЖ): __ / __ / __ бастап __ / __ / __ дейін Барған елдер: _____ Барған қалалар: _____
Ауру басталғанға дейін 14 күн ішінде коронавирустан туындаған	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз Егер «Иә» болса, ☐ Жақын байланыс ☐ Әлеуетті

ауруға күдігі бар немесе ауру расталған біреумен байланысыңыз болды ма?	байланыс ПТР талдамасы бар ма, тапсырған күні (КК/АА/ЖЖЖЖ): __ / __ / __, нәтижесі ☐ Оң ☐ Теріс Соңғы байланыс күндері (КК/АА/ЖЖЖЖ): __ / __ / __ Осы тұлғаны (егер білсеңіз) және тұрғылықты мекен-жайын _____ көрсетіңіз
Пациентте ұқсас ауруы бар (температура, ЖРВИ белгілері-мұрынның бітелуі, жөтел, еңтігуі бар) адамдармен байланыс (байланысу мүмкіндігі) болды	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз, егер Иә болса, онда байланыс сипатын көрсетіңіз _____
Белгілер пайда болғанға дейін 14 күн ішінде науқас стационарлық медициналық мекемеге барды ма немесе емделді ме?	☐ Иә ☐ Жоқ ☐ Белгісіз Егер «Иә» болса, _____ көрсетіңіз : _____
Созылмалы аурулар:	☐ семіздік ☐ жүрек ауруы ☐ бронхиалды демікпе ☐ СОӨА ☐ бауырдың созылмалы ауруы ☐ жүктілік ☐ бүйрек функциясының созылмалы ауруы ☐ созылмалы гематологиялық бұзылу ☐ басқа да диагноздары
Науқастың еңбек қызметі (орнын/мекемесін көрсету қажет)	☐ Медицина қызметкер ☐ Жануарлармен жұмыс істейді ☐ Мед.зертхана қызметкері ☐ Студент/оқушы ☐ Басқасы, көрсетіңіз: _____ Әр қызмет түрі бойынша орны немесе мекемесін көрсетіңіз: _____

COVID – 19 жағдайында
жедел медициналық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
алгоритміне
3-қосымша

КВИ күдікті пациенттің ЖМК деңгейінде бағдарының схемасы

COVID-19 күдіктенуге мүмкіндік беретін белгілерді анықтау:

1. Дене қызуының көтерілуі
2. Қабыну белгілері, құрғақ/тоқтамайтын жөтелдің болуы

Эпид.байланыс (ҚР шекарасының тыс шығу, вирустық науқастармен байланыс, ТЖ немесе әуе көлігін пайдалану, тығыз ұжымдарда болу және т.б.) ескеріледі, бірақ міндетті болып табылмайды

Ентігу, ТАЖ, O2 сатурациясын бағалау

Тыныштық күйдегі ентігу;
ТАЖ > 30; SpO2 < 93%; ЖСЖ >

Күш салғандағы ентігу; ТАЖ > 24; SpO2
< 95%; ЖСЖ ± 90-120

Ентігу жоқ, ТАЖ < 24; SpO2 ≥
95%, ЖСЖ ± 60-80

Ауырлықтың ауыр дәрежесі (ТЖ пневмония клиникасы): улану (бас ауруы, барлық дененің сырқырауы, ұйқысыздық, анорексия, жүрек айну, құсу), Өнімсіз жөтел, $t > 38,0^{\circ}\text{C}$, Аздаған күш салу кезінде немесе тыныштықта ентігу немесе кеуденің қысылу сезімі, өкпе қуысы мүшелерінің КТ өкпенің зақымдалуы → 50%

Ауырлықтың орташа ауыр дәрежесі (айқын ТЖ жоқ ЖРВИ\пневмония клиникасы) қауіп-қатер факторларымен: жасы 65-тен жоғары, қанайналым жүйесінің ілеспе аурулары (АГ, СЖЖ және т.б.), тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары, онкология

Ауырлықтың орташа ауыр дәрежесі (айқын ТЖ жоқ ЖРВИ\пневмония клиникасы): улану, өнімсіз жөтел, қабыну белгілері, $t > 38,5^{\circ}\text{C}$, өкпе қуысы мүшелерінің компьютерлік томографиясында – қауіп-қатер факторлары болмауымен қатар, пневмония белгілері

Ауырлықтың жеңіл дәрежесі (пневмониясыз ЖРВИ клиникасы): жеңіл қабыну көріністері, өкпе қуысы ағзаларының компьютерлік томографиясында өзгерістер жоқ, $t < 38,5^{\circ}\text{C}$

ПТР және немесе Ig экспресс-тесті үшін үйде биоматериал алу (мұрыннан және жұтқыншақтан жұғынды алу, болған жағдайда қақырық алу) (65 жастан жоғары және 12 апта және одан жоғары мерзімдегі жүкті тұлғалардан)

АРҚТБ бар провизорлық стационарға тасымалдау (персоналдың барлық қорғаныс шараларын сақтау)

- Активті емханаға беру
- МСАК деңгейінде бақылау және емдеу

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау вице-министрінің
2020 жылғы 13 тамыздағы
№ 505 бұйрығына
2-қосымша

**COVID-19 бар науқастарды, оның ішінде қауіп факторлары
(гипертензия, қант диабеті, ЖИА, ӨСОА, демікпе және басқалар) және
пневмониясы (COVID-19 ықтимал жағдайы) бар пациенттерді
амбулаториялық бақылау бойынша көшпелі мобильді топтың
іс-қимыл алгоритмі**

1. COVID-19 ауыратын науқастарды амбулаториялық бақылау бойынша көшпелі мобильді топ (бұдан әрі – Мобильді топ) жіті респираторлық ауру белгілері бар және COVID-19 күдігі бар немесе ауыратын пациенттердің қоңырауларына үйден қызмет көрсету, үйде оқшауланған пациенттерді амбулаториялық бақылау мақсатында бекітілген халық санына қарай (эпидемиологиялық жағдайға байланысты 5000 тұрғынға шаққанда 1 мобильді бригада) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда уақытша құру.

2. Мобильді топтың ұсынылатын құрамы: учаскелік дәрігер (терапевт, педиатр, жалпы практика дәрігері) және/немесе учаскелік мейіргер, фельдшер, акушер, пациентке үйде қызмет көрсету кезінде орындалатын функциясына байланысты денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкер.

Мобильді топтың жұмыс уақыты мен функциялары қолданыстағы заңнамаларға сәйкес айқындалады.

3. Мобильді топтың құрамы, жұмыс кестесі медициналық ұйымның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Мобильді топтар мыналармен:

- 1) автокөлікпен;
- 2) жеке қорғану құралдарымен (медициналық маска, қалпақтар, бір рет қолданылатын қолғаптар, бетті қорғауға арналған экрандар немесе көзілдіріктер, таза, стерильденбеген, бір рет қолданылатын ылғалға төзімді халат);
- 3) дене температурасын өлшеуге арналған тепловизорлармен;
- 4) экспресс-тестілеуге арналған тестілермен;
- 5) тоңазытқыш сөмкелер/термоконтейнерлер;
- 6) үлгілерді жинауға арналған жиынтықтармен;
- 7) дезерітінділер және антисептиктермен;
- 8) жеке қорғану құралдарын жоюға арналған пакеттермен;
- 9) пульсоксиметрлермен;
- 10) артериялық қысымды өлшеуге арналған аппаратпен;

11) деректерді МАЖ-ға енгізу үшін Интернетке қолжетімділігі бар жұмыс істеуге арналған планшеттермен немесе дербес компьютерлермен;

12) диктофондармен қамтамасыз ету.

5. Жіті респираторлық ауру белгілері бар және COVID-19 күдігі бар немесе ауыратын пациенттерге үйден медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың талаптары мен шарттары қолданыстағы заңнамаларға сәйкес айқындалады.

6. Мобильді топ пациенттерден үй жағдайында COVID-19 биоматериал сынамасын алуды жүргізу, COVID-19 кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу және сақтау, жеке қорғану құралдарын жою үшін шешу және жинау бойынша оқытуды өткізеді.

7. Зертханалық тексеру үшін COVID-19 күдігі бар пациенттерден материалды қауіпсіз алуды ұйымдастыруды Мобильді топ «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің (бұдан әрі – БМСД) қаулысымен бекітілген COVID-19 тестілеу алгоритміне сәйкес жүзеге асырады.

8. COVID-19 бар пациенттер бойынша деректерді МАЖ-ға уақтылы енгізу үшін МСАК ұйымдарында жұмыс істейтін техникалық операторлар, қызметкерлер, еріктілер тартылады.

9. Мобильді топ пен консультациялық топ мүшелері жіті респираторлық ауру белгілері бар және COVID-19 күдігі бар немесе ауыратын пациенттерге үйден медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, режим, диеталық үстел, ауызсу режимі, дозасы мен қабылдау жиілігін көрсете отырып, дәрілік заттардың атауы, диагностикалық және зертханалық зерттеу әдістері, жағдайы тұрақтанғанға дейін қажеттілігіне қарай емдеу жоспарын түзете отырып, қашықтықтағы режимде учаскелік дәрігердің бақылау жиілігін қамтитын емдеу жоспарын жасайды.

10. Мобильді топ мүшесі науқасты нашарлаған жағдайдағы іс-қимыл тәртібі және нашарлау өлшемшарттары туралы хабардар етеді; учаскелік дәрігерді немесе учаскелік мейіргерді пациентті қарау нәтижелері туралы хабардар етеді және оған қажеттілігіне қарай емдеу жоспарын түзете отырып, одан әрі қашықтықтан бақылау үшін мәліметтер мен медициналық құжаттаманы береді.

11. Мобильді топ науқасты немесе күтім жасайтын адамның осы Алгоритмге қосымшаға сәйкес өзін-өзі бақылау чек-парағын клиникалық белгілердің деректерімен толтыруға үйретеді.

12. Мобильді топ консультацияны қажет ететін отбасының басқа да мүшелерінің жағдайын (науқастармен жақын ортада тұрған (тұратын) СИЕА және пневмонияның жоғары даму қаупі бар, егде жастағы адамдардың, жүкті әйелдер мен босанғаннан кейінгі кезеңдегі (42 тәулік) әйелдердің жағдайын бағалайды.

13. Учаскелік дәрігерлер мен COVID-19 бар науқастарды бақылау жөніндегі мобильді топтарға қашықтан консультациялық және ұйымдастырушылық көмек көрсету үшін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымның жұмыс уақытында жетекші бейінді мамандар (пульмонолог, инфекционист, кардиолог, невролог,

эндокринолог, акушер-гинеколог, психотерапевт, денсаулық сақтау ұйымдастырушысы, денсаулық сақтау менеджері, эпидемиолог, клиникалық фармаколог) арасынан консультациялық топты құру.

14. Консультативтік топтың функциялары қолданыстағы заңнамаларға сәйкес айқындалады.

COVID-19 бар науқастарды
амбулаториялық бақылау бойынша
көшпелі мобильді топтың іс-қимыл
алгоритміне
қосымша

Пациенттің ЧЕК-ПАРАҒЫ

Күн сайын өзіңіздің хал-жайыңызды белгілеп отырыңыз.

Сабырлық сақтаңыз және позитивті ойлаңыз. Егер белгілерге нақты мониторинг жүргізсеңіз, онда ауруды бақылау және емдеуді өзгерту оңайырақ болады.

Белгілер нашарлаған жағдайда, дәрігерге хабарлаңыз, дәрігер ары қарай қадағалау тактикасы туралы шешім қабылдау үшін өзіңіздің чек-парағыңызды ұсыныңыз.

Сізді емдеу тактикасы қауіп-қатер факторларының болуына (диабет, гипертония, жүрек, өкпе аурулары, семіздік және т.б.) және кестеде көрсетілген аурудың даму нұсқасына байланысты.

Өзін-өзі бақылау чек-парағы

(күндер саны аурудың ұзақтығымен айқындалады)*

Клиникалық белгілер	1-күн	2-күн	3-күн	4-күн	5-күн	6-күн	7-күн	8-күн	9-күн	10-күн
Күні										
Температура										
Тыныс алу жиілігі										
Пульс										
АҚ										
Тыныс алудың қиындауы/ентігу										
Жөтел										
Кеудедегі ауыру										
Иіс сезудің бұзылуы										
Жүрек айну/құсу										
Диарея										
Аурудың басқа белгілері:										

Ескертпе*: Клиникалық белгілердің көрінісін 0-ден 5 балға дейін бағалаңыз: 0 - жоқ, 1- аздап, 2 – орташаға жақын, 3 – орташа көрініс, 4 – айтарлықтай, 5- ауыр дәрежеде.

COVID-19 бар пациенттердің қауіп факторларын бағалау және амбулаториялық бақылау шарттары алгоритмі



COVID-19 симптомсыз түрі бар пациенттерді үйде амбулаториялық бақылау кезінде медициналық санитариялық-алғашқы көмек мамандарының іс-қимыл алгоритмі

14 күнге дейін бақылау

1 - күн	// - //
2 - күн	// - //
3 - күн	// - //
